



№ 163 орта мектеп

*«Жастарды қылмысқа
итермелейтін не?»*

*Қазақ тілі және әдебиеті пәнінің
мұғалімі:*

*Ысмайылова Алтынсара
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы*







Мақсаты:

білімділік – оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары жайлы баптардан түсінік қалыптастыру, құқықтық білімдерін толықтыру;

дамытушылық – оқушылардың саяси саналығы мен таным белсенділігін арттыру, заңдарды талдай отырып, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге, ойлау қабілетін дамыту;

тәрбиелік – адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру.



**«Біз әрбір адамның ар-
намысын, жағымды қасиеттері
мен беделін, жоғары
адамгершілік, этикалық
стандарттары және рухани
құндылықтарын бағалайтын
қоғам құруымыз керек»**

Н. Ә. Назарбаев.







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘҢУРАНЫ

*Сөзін жазғандар: Жүмекей Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев*
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы.
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Данқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Урпаққа жол ашқан,
Кен байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГИМН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН









Сабақтың кезеңдері:

I. Тренинг

II. Құқық туралы жалпы түсінік

III. Өткенге көз жіберсек ...

(Тәуке ханның “Жеті жарғысы”)

*IV. Сенің құқығың – менің құқығым
(оқушы құқығы)*


V. Көкейде жүрген сауал (сұрақ - жауап)

VI. «Ойлан, тап»;

VII. Мұны әрбір оқушы білуге тиіс

VIII. Қорытынды





Қанатты сөздер:





*«Тәртіпке бас иген құл болмайды,
тәртіпсіз ел болмайды»*

Б.Момышұлы.

*«Балам бол, басқа бол-бәріңе заң
біреу-ақ»,*

*«Тура биде туған жоқ, туғанды биде
иман жоқ»*

Ж.Баласағұн.



*Декларация- тараптар
мақұлдаған
жалпы принциптер мен
мақсаттарды
қалыптастыратын
салтанатты акт*

*Конституция - конституциялық
құрылысты
бекітетін, адам мен азаматтың
құқығы мен еркіндігін бекітетін,
мемлекеттік биліктің федеральдық
органдарын тағайындайтын негізгі
құрылтайшы саяси- құқықтық акт.*

*Міндет – адамдар бұлжытпай
орындауға тиісті тәртіп пен
қарым-қатынасқа қойылатын
талап*



*Мораль- адамның іс-әрекетін
қайырымдылық пен зұлымдық,
әділдік пен әділетсіздік және т.б.
тұрғысынан реттеп отыратын
нормалар мен принциптер
жүйесі.*

*Құқық- қоғамдағы адамдардың
өзара қарым- қатынасын реттеп отыратын
мемлекет белгілеп, қорғайтын нормалар мен
ережелер жиынтығы, осы нормаларды
зерттейтін ғылым*



Қоғам балаларға қатысты түрде қамтамасыз етуі тиіс негізгі принциптер:

-Бала мүддесін барынша жақсы қамтамасыз ету;

-Кемсітпеу;

-Өмір сүру, есею және ержету құқығы;

-Бала көзқарастарына құрметпен қарау;

-Баланы қорғау, оның қоғам өміріне; белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету.



•Өз ата-анасын білу құқығы

•Отбасында өмір сүріп, тәрбиелену құқығы

•Өмір сүру құқығы

•Сөз, ар-ождан бостандығы

•Аты-жөні, ұлты болу құқығы

•Ата-анасымен, басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасау құқығы

•Азаматтыққа құқығы

•Өз-өзін қорғауға, заңмен қорғалу құқығы

•Дұрыс тамақтану, тұрғын үй және медициналық көмек алу құқығы

•Өз пікірін білдіруге

•Тегін білім алу құқығы

•Сабақтан тыс уақытта еңбек ету құқығы, өз жалақысы мен стипендиясын жарату құқығы

•Салымдар салып, оны пайдалану құқығы

•Авторлық құқықты жүзеге асыру құқығы

•Балалар қоғам бірлестігіне қатысу құқығы

•Сыйлыққа, мұраға алған заттарға жеке меншік құқығы

•Жеке өмір сүру құқығы


•Мамандық қадір-қасиетіне қолсұзушылықтан қорғану құқығы

•Мәдени және шығармашылық өмірге жан-жақты қатысу құқығы

•Мамандық таңдау құқығы

•Эксплуатацияның барлық түрінен қорғану құқығы







1. Мүлік заңы

2. Қылмыс заңы

3. Әскери заңы


4. Елшілік жоралары

5. Жұртшылық заңы



Жеті жарғыдағы мәселелер былай топтасты:

- 1 бап - Мемлекттік мәселелеріне байланысты**
- 2 бап- Әскери іс мәселелеріне байланысты**
- 3 бап- Шаруашылық іс мәселелеріне байланысты**
- 4 бап - Қылмыстық іс мәселелеріне байланысты**
- 5 бап- Діни мәселелеріне байланысты.**
- 6 бап - Жұртшылық мәселелеріне байланысты**
- 7 бап - Отбасы және неке мәселелеріне байланысты**

A portrait of an elderly man with a long, full white beard and mustache. He is wearing a large, wide-brimmed hat with a textured, possibly woven or knitted top. The background shows a vast, open landscape with rolling hills under a blue sky with scattered white clouds. The entire image is framed by a decorative gold border.

**Атадан жақсы ұл туса,
Елінің оңы болады.
Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болады.**

كۈتۈپخانا







*Қылмысқа
итермелейтін не?*



Ой талқы. Берілген сұраққа әр топ өз ой-тұжырымдарын білдіруі керек.

Уақыт – 3 минут.

Тақырып: «Жастар және қылмыс»


I топ: Жастар арасындағы қылмысқа жол бермеу үшін не істеу керек?

II топ: Мектеп жасындағы жастардың құқықтық норма бұзу шарттары қандай деп ойлайсындар?



KΘΡΙΗΙC


Осы жағдайдан туындайтын сұрақтар



- 1. Оқушылар, алдарындағы өздерің сияқты достарыңа қандай кеңес бересіңдер?**
- 2. Ата-аналар, бұл жағдайда не істейсіздер?**
- 3. Отбасыңызда бала тәрбиесіне қандай ықпал жасайсыз?**
- 4. Осындай балалардан болашақта қандай азамат шығады деп ойлайсыңдар?**
- 5. Сіздердің түсініктеріңізше «Бақытты жанұя» қандай болуы керек?**
- 6. Бала тәрбиесінде сізге кездескен қиыншылықтар, оны шешудің жолы қандай?**

Ойлан, тап!

I топ




Мемлекет әр азаман – сау өсіп, жан – жақты дамуын қамтамасыз етеді

Әрбір бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы.

Әрбір бала өз отбасында, әрбір баламен бірге өмір сүруге құқылы .

Әрбір бала ой – пікір, ар - ождан және дін еркіндігіне құқығы бар.

II топ



- Отбасында әкесі мен анасы өз алдына дербес өмір сүрумен, баланы ата – анасымен [redacted] құқықсыз;
- Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ұрып жазалауға, [redacted] құқығы жоқ;
- Бала тынығуға және м [redacted] құқығы бар;
- Бала өзі қалаған [redacted] шұғылдануға құқылы;

«Мұны әрбір оқушы білуге тиіс»





Тақырып:

I топ: «Ата Заңымыздың баптары туралы саралап шығыңдар»

II топ: «Жаза түрлері. Қылмыстық құқықтың функциялары жөнінде айт»







	БІЗ БҮГІН НЕ ІСТЕДІК?	НЕ ҮЙРЕНДІК?
I-топ		
II- топ		



Тек жақсы істерді істеуге құқықтымын, жаман істерді істеуге құқығым жоқ деп түсінемін.

«Не істеуге болмайды?»-

-Кішкене баланы

-Сабақтан

- Дөрекі, былапыт сөздерді

«Не істеу керек?»

-Үлкен кісіні(сыйлау керек)

- Үлкеннің(тілін алу керек)

- Үлкендерге(сәлем беру керек)

Кішілерге(қамқорлық жасау керек)

Аналарды, апаларды(сыйлау керек)


Оқу құралдарын(күтіп ұстау керек)

Үлкендердің алдынан кесіп

- Қыз баланы

- Сыныпта

Глоссарий «Тәртіп орнат»



Құқық



Конституция



Мемлекет



Азамат



Құқық бұзушылық



Президент



Парламент



Егемендік





Байқау ережелері: Тақтаға әр командадан бір – бір оқушыдан шақырылады. Оқушылар алма – кезек бір міндеттен тақтаға жазады. Бүкіл міндеттерін дұрыс орындап, жазған топ жеңеді.

Қазақстан Республикасының азаматтарының міндеттері:

1. Заңдарға бағыну;
2. Басқа азаматтардың құқықтарын, бас бостандықтарын, арын құрметтеу;
3. Мемлекет рәміздерін құрметтеу;
4. Қаржы, салықты төлеу;
5. Тарихи және мәдени байлықтарды сақтау;
6. Табиғатты және табиғи байлықтарын сақтау;
7. Ата – аналардың балаларына қамқорлық етуі, алдындағы міндеттерін орындау;
8. Орта мектеп білімін алу;
9. Қазақстан Республикасын қорғау;



Осымен біздің сынып сағатымыз өз мәресіне жетті. Бүгінгі сабақтан алған мәліметтер өте керекті деп ойлаймын. Келген қонақтарымызға рахмет айтамыз.

Өмірің болсын десең сенің сәнді

Ойланып, айналаңа қара мәнді.

Адам бол! Білімі тасқан, өнері асқан

Өзіңе сүйсіндірер басқа жанды.

Салауатты мақсатың - өмір сүру,

Өмірдің мағынасын керек білу.

Ішімдік, нашақорлық сенің жауың

Пайдасы сол – бұл жолдан аулақ жүру.

Мен жігіт 15-30 арасында,

Бұл шақта көп бересі, аларымда.

Жан жағым толған мақсат, толған таңдау,

Алайын анасын ба, мынасын ба, - деп арқалы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай болашақта шалыс қадам баспай, өз өмірлеріне жауап беретін ата-анасының емес бүкіл алаштың азаматтары болады деген сеніммен бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз.



Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады.


Отанға деген ыстық сезім - жақындарына,

туған-туысқандарына деген

сүйіспеншіліктен басталады.

Н.Ә.Назарбаев





Егер балам қатыгез, қайырымсыз, өзімшіл болып өспесін десеңіз, бала тәрбиесінде мына қателіктерге жол бермеңіздер.

1-қателік: Балаларды орынсыз еркелету.

2-қателік: «Не істесең оны істе маған бәрібір» деп айту.

3-қателік : Аса қаталдық, яғни «Мен не айтсам,соны орындау керек, өйткені мен сенің ата-анаңмын» деп айту.



4-қателік: Егер сен мен қалағандай болмасаң, мен сені жақсы көрмеймін» деп айту.

5-қателік: «Саған көңіл бөлуге уақыт жоқ» деп айту.

6-қателік: Балаңызды баршалыққа баулымау.

7-қателік: Балаңызды ісіне, көңіл-күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл-күйіңіз нашар болса, оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау т.с.с.

Ата-аналар, сіздер үшін!



- 1. Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті.*
- 2. Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс.*
- 3. Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек.*
- 4. Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс.*

Ата-аналар, сіздер үшін!



- 5. Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек.**
- 6. Ересектер балаларды күн сайын сипайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс.**
- 7. Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы.**

Ата-аналар, сіздер үшін!



8. Үй ішіндегі татулық күйеуіне де, әйелге де байланысты. Оның бірінші шарты - өзара сенім, құрмет, өзара түсіністік және, әрине сыпайы, әдепті мінез-құлық.
9. Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін-еркін болып, ешбір жағдай – да екіжүзділікке, өтірік ұялшақтыққа негіз – делмеуге тиіс.
10. Тату-тәтті тұру үшін ұстамды болып, өзін-өзі билей білу керек.